

Жамбыл облысының білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 368 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 ақпанда № 2501 болып тіркелді РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №143-ө әкіміне сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары бекітілсін.
2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он құнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
 - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|-------------|---|
| Облыс әкімі | K. Көкрекбаев |
| | Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 368 қаулысымен бекітілген |

Жамбыл облысының білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің ұлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жамбыл облысының білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің ұлгілік қағидалары (бұдан әрі - Ұлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 2-тармағының 24-7) тармақшасына сәйкес өзірленді және білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидаларын өзірлеу және бекіту үшін негіз болып табылады.

2. Ұлгілік қағидалар білім беру үйымдарының ішкі тәртіптеме қағидаларын өзірлеу және бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында өзірленген.

3. Білім беру үйымдарының қызмет режимін ескере отырып (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақытта ғана болуы, оку сабактарының ауысымдылығы және білім беру үйымының өзге де жұмыс ерекшелігіне қарай) білім беру үйымының әкімшілігі педагог және өзге де қызметкерлердің жұмыс және демалыс уақытының режимін белгілейді.

4. Ішкі тәртіптемені қамтамасыз ету мақсатында білім беру үйымының әкімшілігі білім беру үйымының қызметкерлерінің, сонымен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және білім беру үйымының ішкі тәртіптеме қағидаларымен жүктелген міндеттерді сақтауын қамтамасыз етеді.

2. Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі

5. Білім беру үйымының ішкі тәртіптеме қағидаларында:
 - білім беру үйымының әкімшілігі және педагогтерінің білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;
 - оку-тәрбие процесіне қатысуышылардың тәртібі;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуды және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;
 - үйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды үйымдастыру;
 - білім беру үйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, олардың арасындағы үзілістер;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оку сабактарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.
6. Білім беру үйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру үйымының ішкі тәртіптемесінің қағидаларына қолжетімділігін және

тәнисстыруды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК